

Қырғыз ауылдық округі Бүркітті ауылының Ардагер көшесінің және Борлыбұлақ елді мекенінің Борлыбұлақ көшесінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қырғыз ауылдық округінің әкімінің 2018 жылғы 5 қыркүйектегі № 02 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 10 қыркүйекте № 4935 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қырғыз ауылдық округінің әкімінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 03 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қырғыз ауылдық округінің әкімінің 05.12.2018 № 03 шешімімен (оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 7-1/86 "Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 10414 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Қарқаралы ауданы Қырғыз ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қырғыз ауылдық округінің Бүркітті ауылының Ардагер көшесінің және Борлыбұлақ елді мекенінің Борлыбұлақ көшесінің аумағында ірі қара малдары арасынан бруцеллез ауруы шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Ветеринариялық-санитариялық, сауықтыру және шектеу іс-шаралары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өткізілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қырғыз ауылдық округінің әкімі

Б. Капашов

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы
Министрлігі Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Қарқаралы аудандық
аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің*

басшысы

Т.Ж. Көпжасаров

2018 жыл 05 қыркүйек

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК